

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы
мемлекеттік нормативтер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕРЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства
и строительства

СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ТЕЗ ТҮРҒЫЗЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН
ӘМБЕБАП ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОЛАРЫН ЖОБАЛАУ**

**ПРОЕКТИРОВАНИЕ УНИВЕРСАЛЬНЫХ ПОЖАРНЫХ ДЕПО
ИЗ БЫСТРОВЗВОДИМЫХ КОНСТРУКЦИЙ**

ҚР ЕЖ 2.02-108-2025

СП РК 2.02-108-2025

Ресми басылым

Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан

Астана 2025

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕГЕН:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Өртке қарсы қызмет комитетінің Мемлекеттік өрт бақылау
және өртке қарсы нормалау басқармасы
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі
Өртке қарсы қызмет комитетінің Мемлекеттік өрт бақылау
және өртке қарсы нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ
ҚОЛДАНЫСҚА
ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс
министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық істері комитетінің бұйрығымен 2025 жылғы
12 наурыздағы № 43-нқ бұйрығымен

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 РАЗРАБОТАН:** Управлением государственного пожарного контроля и
противопожарного нормирования Комитета
противопожарной службы Министерства по
чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением государственного пожарного контроля и
противопожарного нормирования Комитета
противопожарной службы Министерства по
чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И
ВВЕДЕН В
ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-
коммунального хозяйства Министерства
промышленности и строительства Республики Казахстан
от 12 марта 2025 года № 43-нқ.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	4
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	5
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	5
3. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	7
4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	7
5. ТЕЗ ТҰРҒЫЗЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН ӘМБЕБАП ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОЛАРЫНЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖОБАЛАУ БОЙЫНША ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР	8
5.1 Жер учаскелеріне және тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарының ғимараттары мен құрылыстарын орналастыруға қойылатын талаптар	8
5.2 Көлемді жоспарлау шешімдері	9
5.2.1 Тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарының ғимараттары мен үй-жайларының функционалдық мақсаты, құрамы және күтімі	9
5.2.2 Кіреберістер, өткелдер (дәліздер), баспалдақтар	11
5.3 Конструктивтік шешімдер	12
5.4 Өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	12
5.5 Инженерлік жүйелерді жобалау	14
5.5.1 Электр жабдықтары	14
5.5.2 Жылыту	14
5.5.3 Сумен жабдықтау және кәріз	15
5.5.4 Қоқыс шығару	15
5.5.5 Жарықтандыру	16
5.6 Қоршаған ортаны қорғау	16
А қосымшасы	18
Б қосымшасы	20
В қосымшасы	23

КІРІСПЕ

Осы ҚР ережелер жинағы 2.02-108-2025 «Тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарын жобалау» (бұдан әрі – ережелер жинағы) ҚР ҚН 2.02-04-2023 «Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау» «Тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарын жобалауға қойылатын талаптар» бөлімінің талаптарын әзірлеуге және орындалуын қамтамасыз етуге әзірленді.

Аталған ережелер жинағы қолайлы техникалық шешімдерді қамтиды және оларды сенімді және тиімді инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарының нормаланатын параметрлерін айқындайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ТЕЗ ТҮРҒЫЗЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН
ӘМБЕБАП ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОЛАРЫН ЖОБАЛАУ
ПРОЕКТИРОВАНИЕ УНИВЕРСАЛЬНЫХ ПОЖАРНЫХ ДЕПО
ИЗ БЫСТРОВОЗВОДИМЫХ КОНСТРУКЦИЙ

Енгізу күні – 2025-03-12

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы ережелер жинағы тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарының үй-жайларын орналастыруға, сәулет-жоспарлау және құрылымдық шешімдерге, инженерлік коммуникацияларға, технологиялық жарактандыруға және функционалдық ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілейді.

1.2 Осы ережелер жинағының талаптары азаматтық қорғау органдары, сондай-ақ салалық және кәсіби өртке қарсы қызметтер жүзеге асыратын облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан объектілерді қорғау үшін тез тұрғызылатын конструкциялардан жаңадан тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосын жобалауға, салуға қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережелер жинағын қолдану үшін мынадай құжаттарға нормативтік сілтемелер қажет:

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығымен бекітілген.

«Адамға әсер ететін физикалық факторлардың гигиеналық нормативтері. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы.

ҚР ҚНжЕ 4.01-02-2009 Сумен жабдықтау. Сыртқы желілер мен құрылыстар.

ҚР ҚН 2.02-02-2023 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 4.01-02-2013 Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 2.02-04-2023 Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау

ҚР ҚН 3.02-03-2012 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй

ҚР ЕЖ 2.02-102-2022 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ЕЖ 4.01-101-2012 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013 Қала құрылысы. қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу

ҚР ҚН 3.02-02-2023 Бір пәтерлік тұрғын үйлер ғимараттары мен олардың инженерлік жүйелерін жобалау

ҚР ЕЖ 3.02-102-2014 Бір пәтерлік тұрғын үйлер ғимараттары мен олардың инженерлік жүйелерін жобалау

ҚР ЕЖ 4.01-102-2013 Ішкі санитарлық-техникалық жүйелер

ҚР ҚН 2.04-101-2014 Табиғи және жасанды жарықтандыру

ҚР ЕЖ 2.02-105-2014 Өртке қарсы қызмет органдарының объектілерін жобалау

ҚР ЕЖ 3.02-103-2012 Мемлекеттік әлеуметтік пәтер-үй

Ескертпе - пайдалану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасалатын «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілер тізбесі», «ҚР техникалық-экономикалық ақпаратының ұлттық стандарттары мен ұлттық жіктеуіштерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық тізімдемесі және ай сайын шығатын тиісті ақпараттық бюллетень-журнал бойынша тексерген жөн. Егер сілтеме құжат ауыстырылса (өзгерсе), онда осы нормативті пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек. Егер сілтеме құжат ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме жасалған ереже осы сілтемеге қатысы жоқ бөлігіне қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережелер жинағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерде келтірілген терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Тез тұрғызылатын конструкциялардан салынған әмбебап өрт сөндіру депосы (бұдан әрі – әмбебап өрт сөндіру депосы) – бұл төтенше жағдайлар мен олардың зардаптарының алдын алу және жою жөніндегі халықты және инфрақұрылымды қорғауға арналған азаматтық қорғау күштері мен құралдарын орналастыруға арналған үй-жайлардың ең аз қажетті құрамын қамтитын ғимараттар мен құрылыстардың жедел салынатын кешені.

Газ-түтіннен қорғау қызметінің бекеті (ГТҚК) – жеке құрамның кезекшілігінен бос тыныс алу органдарын жеке қорғау құралдарын (ТАОЖҚК) сақтауға, ТАОЖҚК техникалық қызмет көрсетуге және тексерулер жүргізуге арналған үй-жайлар.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосын жобалау кезінде осы ережелер жинағының талаптарын басшылыққа алу қажет.

4.2 Ғимараттардың сәулет және құрылыс шешімдерін құрылыс ауданының қала құрылысы және климаттық жағдайларын, сондай-ақ қоршаған ортаның сипаттамаларын, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің ережелерін ескере отырып қабылдау керек.

4.3 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру деполары орналасқан жеріне, өрт сөндіру және құтқару автомобильдерінің санына, үй-жайлардың құрамына және олардың алаңдарына қарай мыналарға бөлінеді:

- II типі - қалаларды қорғау үшін өрт сөндіру және құтқару автомобильдерінің 2, 4, 6 шығуына арналған тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосы;

- V типі - елді мекендерді қорғау үшін өрт сөндіру және құтқару автомобильдерінің 2, 4 шығуына арналған тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосы.

4.4 Әмбебап өрт сөндіру деполарының аумағын өндірістік, оқу-спорттық және тұрғын аймақтарға бөлу қажет. Бұл ретте, қалған аймақтар қажет болмаған жағдайда ғана өндірістік аймақты көздеуге жол беріледі.

4.5 Әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарын жобалау және салу кезінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына сәйкес өңірлік ерекшеліктеріне қарай блокты темірбетон конструкцияларынан немесе құрастырмалы-жиналмалы типтегі дайын модульдік конструкциялардан тез тұрғызылатын құрылыс конструкцияларын қолдануға жол беріледі.

5 ТЕЗ ТҰРҒЫЗЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАРДАН ӘМБЕБАП ӨРТ СӨНДІРУ ДЕПОЛАРЫНЫҢ ҒИМАРАТТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ЖОБАЛАУ БОЙЫНША ҚОЛАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

5.1 Жер учаскелеріне және тез тұрғызылатын конструкциялардан өрт сөндіру деполарының ғимараттары мен құрылыстарын орналастыруға қойылатын талаптар

5.1.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының аумағын жоспарлау кезінде ҚР ҚН 3.01-01, ҚР ЕЖ 3.01-101, сондай-ақ осы ережелер жинағында белгіленген параметрлерге сәйкес келуі тиіс.

5.1.2 Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана, облыс орталықтары және аудандық маңызы бар елді мекендер үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарының орналасу орындары «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес айқындалуы тиіс.

5.1.3 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттарынан, құрылыстарынан, жер учаскелерінің шекараларынан Республикалық маңызы бар қалалардағы, облыс орталықтары мен елді мекендердегі қызыл сызыққа дейінгі арақашықтықты кемінде 10 м қабылдау керек.

5.1.4 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосы үшін жер учаскелерінің ауданы кемінде 0,55 га болуы тиіс.

5.1.5 Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана үшін жер телімінің жетіспеушілігі жағдайлары болған кезде, тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру деполарының жер учаскесінің жалпы ауданының мөлшерін 0,4 гектарға дейін азайтуға жол беріледі.

5.1.6 Қолданыстағы құрылыс жағдайында тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарын реконструкциялау кезінде жер учаскесінің ауданын ұлғайтуға жол беріледі.

5.1.7 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының аумағын көгалдандыру ауданы учаске ауданының кемінде 15% құрауы тиіс. Қоршау бойында ағаштар мен бұталар отырғызылған жасыл екпелер жолағы көзделуі тиіс.

5.1.8 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының аумағын қоршау биіктігі кемінде 2,0 м болуы және әдетте екі кіру (шығу) болуы тиіс.

5.1.9 Жер телімінің жетіспеушілігі жағдайларында жобалауға берілген тапсырма бойынша кіру (шығу) санын азайтуға жол беріледі.

5.1.10 Тез тұрғызылатын өрт сөндіру депосы аумағына кіре берісте (шығуда) қақпаның ені кемінде 4,5 м болуы тиіс.

5.1.11 Ғимараттың қасбетінде қажетті инженерлік жүйелермен (жылыту, жарықтандыру және т.б.) жабдықталған, кемінде 50% әйнектелген бекет орнатылуы тиіс.

5.1.12 Әмбебап өрт сөндіру депосының аумағындағы жолдардың ені кемінде 4,5 м қабылданады, бұрылыстар радиусы кемінде 10,5 м болуы тиіс.

Әмбебап өрт сөндіру депосында жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес шағын габаритті өрт сөндіру және құтқару техникасы ғана болған жағдайда бұрылу радиусын азайтуға жол беріледі.

5.1.13 Әмбебап өрт сөндіру депосының аумағындағы жолдар (өтпелер) мен алаңдарды жабу өрт сөндіру автомобильдерінің жүктемесіне есептелуі тиіс.

5.1.14 Әмбебап өрт сөндіру деполары магистральдық көшелерге немесе жалпы қалалық маңызы бар жолдарға шығатын жер учаскелерінде орналастырылады.

5.1.15 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру деполарының аумағынан өрт-құтқару техникасының кедергісіз шығуын (кіруін) қамтамасыз ету үшін көшенің жүріс бөлігі мен тротуар дабыл сигналы бойынша өрт сөндіру автомобильдерінің шығуы кезінде көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын тоқтатуға мүмкіндік беретін акустикалық сигналы бар бағдаршаммен және жарық көрсеткішімен жабдықталуы тиіс. Бағдаршамды қосу және

өшіру тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының байланыс пунктiнен қашықтықтан көзделуi ұсынылады.

5.2 Көлемдi жоспарлау шешiмдерi

5.2.1 Тез тұрғызылатын конструкциялардан әмбебап өрт сөндіру деполарының ғимараттары мен үй-жайларының функционалдық мақсаты, құрамы және күтiмi

5.2.1.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарын жобалау, салу кезінде үй-жайлардың ұтымды орналасуын қамтамасыз ету қажет. Тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарының функционалдық мақсатына, қауіпсіздік пен жайлылық талаптарына, эргономикалық және технологиялық талаптарға сай болуы тиіс.

5.2.1.2 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарының ғимараттары мен құрылыстарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін ең аз сипаттамалары (қабаттылығы, алаңы) А қосымшасында келтірілген талаптарға сәйкес белгіленуі тиіс.

5.2.1.3 Өндірістік, оқу-спорттық және тұрғын аймақ учаскелерінде олардың функционалдық классының ерекшеліктеріне қарай орналастырылады:

Өндірістік аймақта:

- өрт сөндіру және құтқару көліктерін орналастыруға арналған боксы бар тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының негізгі ғимараты;
- тез тұрғызылатын әмбебап өрт деполарының техникалық және қосалқы үй-жайлары;
- резервтік өрт сөндіру және құтқару техникасына арналған жеке жабық бокс*;
- кезекші ауысымның жеке құрамы мен тұратындар үшін автомобильдердің ашық тұрағы;
- жеңдерді кептіруге және күтіп ұстауға арналған жеңдер мұнарасы.

Ескертпе: * жеке бокстың болуы объектіде резервтік өрт және құтқару техникасын орналастыру қажеттілігімен айқындалады.

Оқу-спорт аймағында:

- жабық жаттығу залы;
- шағын футбол алаңы және/немесе хоккей корты;
- 2 жолға арналған оқу-өрт мұнарасы;
- өрт техникасының тұрағына арналған алаңы бар өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесіне қоректендірілген өрт гидранты (техникалық тапсырмада болған жағдайда).

Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының спорттық ғимараттарын жобалау және салу кезінде А және В қосымшаларында көзделген талаптарды ескеру қажет.

Тұрғын аймақта:

- қызметтік жатақхана;
- демалыс және балалар ойындарына арналған алаңдар.
- спорт алаңы.

5.2.1.4 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының үй-жайларының құрамы мен ең төменгі алаңдары Б қосымшасына сәйкес айқындалады.

Ескертпе: халық саны 5 000 адамға дейінгі елді мекендер үшін өртті сөндіруді немесе ТЖ жоюды қамтамасыз ету жағдайынан, сондай-ақ қызмет көрсетілетін аумақтың неғұрлым қауіпті объектісіндегі олардың зардаптарын ескере отырып V типті тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосы үй-жайларының құрамы мен ең аз алаңдарын азайтуға жол беріледі.

5.2.1.5 Өрт сөндіру және құтқару автомобильдеріне арналған бокс үй-жайы тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының негізгі ғимаратының бірінші қабатында орналастырылады.

5.2.1.6 Автомобильдерді орналастыруға және жууға арналған үй-жайлардың биіктігі өрт сөндіру автомобильдерінің түріне байланысты белгіленеді, бірақ кемінде 4,5 м болуы тиіс.

Ескертпе: үй-жайдың биіктігі ретінде жарықта еден белгілерінен төбеге дейінгі немесе төбеден шығатын конструкцияларға (арқалықтар, прогон, плиталардың шеттері және басқа конструкциялар) дейінгі арақашықтық қабылданады.

5.2.1.7 Өрт сөндіру және құтқару техникасының бокс үй-жайында есептің (кезекші ауысымның) штат санының 100% қамтамасыз етілуі есебінен және қызметтің күшеюін 100% резервті ескере отырып, арнайы жауынгерлік киім мен жабдықтарды төсеуге арналған стеллаждар орнату қажет. Қарауылдың жеке құрамының арнайы қорғаныш киімі бар стеллаждар (тумбочкалар) бокс үй-жайының қабырғасының бойында өрт және құтқару техникасының артында орналасуы тиіс. Автомобильдер арасындағы өткелдің ені кемінде 1 м, еденнен сөрелердің (тумбочкалардың) биіктігі - 0,8 м аспауы тиіс.

5.2.1.8 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының техникалық қызмет көрсету және техниканы жуу бекеттерін бокс үй-жайымен біріктіруге, оны тексеру арығымен жарактандырған жағдайда, сондай-ақ суды тиімді ағуы үшін еденнің және траптардың қажетті еңісі болған жағдайда жол беріледі.

5.2.1.9 Бокс үй-жайын өрт сөндіру және құтқару техникасын тексеру арығымен жабдықтау өрт сөндіру автомобильдерін орналастыру тәсіліне байланысты жүзеге асырылуы тиіс.

5.2.1.10 Тексеру арықтарында 2 түсу (біреуі - сатылы баспалдақ бойынша, екіншісі - қапсырмалар бойынша) болуы және үстіңгі жағы диаметрі 0,012 м кем емес, ұяшықтары 0,1 м × 0,1 м аспайтын металлдан жасалған алынбалы тормен жабылуы тиіс.

5.2.1.11 Автокөліктерді тексеру арығына құлауын болдырмау мақсатында, сондай-ақ олардың қозғалысын оның периметрі бойынша неғұрлым дәл бағыттау үшін биіктігі кемінде 0,08 м сақтандырғыш ребордпен жабдықталуы тиіс, арықтың едені мен қабырғалары соққыға және ылғалға төзімді материалдармен қапталуы тиіс.

5.2.1.12 Арықтың тереңдігі бөлменің еден деңгейінен 1,2 м - 1,4 м болуы мүмкін.

5.2.1.13 Арықтардың артқы бөлігінде арыққа түсу үшін баспалдақтар және қарама-қарсы жағынан қабырғаға бекітілген қапсырмалар болуы керек.

5.2.1.14 Арықтарда жылытуды көздеу қажет (суық мезгілде).

5.2.1.15 Өрт сөндіру және құтқару техникасының бокс үй-жайында СО-көмірқышқыл газының датчиктері көзделуі тиіс.

5.2.1.16 Жең мұнарасы биіктігі 1,25 м жең көтеруге арналған лебедкамен, төменгі және жоғарғы алаңда орналастырылатын іске қосу аппаратурасымен жабдықталуы тиіс.

5.2.1.17 Жеңдер мұнарасында жылытқыш немесе ауаны жылытуға арналған басқа құрылғылар болуы керек.

5.2.1.18 Қызметтік жатақхананы ҚР ҚН 3.02-03, ҚР ЕЖ 3.02-103 талаптарын ескере отырып жобалау ұсынылады.

5.2.1.19 Қызметтік жатақханадағы бөлмелер саны жобалау тапсырмасымен анықталады. Тұрғын бөлмелердің ауданы 18 м² кем болмауы керек.

5.2.1.20 Қызметтік жатақхананы жобалау кезінде тұрғын үй-жайлардың акустикалық жайлылығы адамға әсер ететін физикалық факторларға гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес үй-жайларды сыртқы және ішкі шу көздерінен қорғау жөніндегі іс-шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2.1.21 Тұрғын аймақ аумағында халықтың жүріп-тұрыу шектеулі топтары үшін қолжетімділік және олардың қажеттіліктері қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2.1.22 Жабық жаттығу залында жобалауға арналған техникалық тапсырмаға сәйкес кіріктірілген моншалардың (сауналардың) үй-жайларын көздеуге жол беріледі.

5.2.1.23 Кезекші ауысым бастығының кабинетін мен оқу сыныбын кезекші ауысым үй-жайларының жанына орналастыру қажет.

5.2.1.24 Жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес ТЖБ (ТЖБ) инспекторлық құрамы үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары негізінен

орналастырылған жағдайда, қолданыстағы талаптарға сәйкес халықтың аз қозғалатын топтары үшін қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2.1.25 Автотұрақта халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін кемінде 3 орын болуы тиіс.

5.2.1.26 Әмбебап өрт сөндіру депосында байланыс пунктiнiң аккумуляторын «Өрт қауiпсiздiгiне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентiне сәйкес байланыс пунктiнiң аккумуляторы А санатына жатпайтын жағдайда байланыс пунктiмен бiрiктiруге жол берiледi.

5.2.1.27 Жууға арналған үй-жайы бар жең учаскесi өрт сөндіру және құтқару техникасына арналған бокс үй-жайының жанына орналастырылуы тиіс және жеңдерді сақтауға арналған металл сөрелермен жабдықталуы қажет. Жууға арналған үй-жай жеңдерді жууға арналған суағары бар жиналмалы металл торлы сөремен жабдықталуы тиіс.

5.2.1.28 Өрт сөндірушілердің жауынгерлік киімдерін жуу және кептіру үй-жайларының қабырғалары соққыға және ылғалға төзімді материалдармен қапталуы тиіс.

5.2.1.29 Санитарлық тораптар тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының әр қабатында көзделуі тиіс.

5.2.1.30 Раковиналар мен басқа да санитарлық аспаптарды, жабдықтарды пайдалану кезінде қабырғалар мен бөлімдердің ықтимал ылғалдануына байланысты, оларды орнату орындарын керамикалық плиткалармен немесе ылғалға және гидрофобты материалдармен әрлеу көзделуі тиіс.

5.2.1.31 Киім ауыстыратын бөлмені жабдықтау кезінде тозуға төзімділігі жоғары материалдарды (еден плиткалары немесе жабын, қабырға панельдері) пайдалану қажет.

5.2.2 Кіреберістер, өткелдер (дәліздер), баспалдақтар

5.2.2.1 Әмбебап өрт сөндіру депосының негізгі ғимаратына орталық кіреберіс ғимараттың негізгі қасбеті жағынан орналастырылуы керек.

5.2.2.2 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттарына (негізгі ғимарат, қызметтік жатақхана, жабық жаттығу залы) кіруге арналған кіреберіс есіктер рұқсатсыз бөгде адамдардың кіруінен сенімді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін материалдардан жасалуға тиіс.

5.2.2.3 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының бокс үй-жайында жел жүктемелері кезінде жеткілікті қаттылықты және қысқы жағдайларда жылу оқшаулауды қамтамасыз ететін көтергіш қақпаларды қарастыруға рұқсат етіледі. Қақпадағы әйнек бүкіл қақпа алаңының кем дегенде 40% - ауданын қамтуы керек.

5.2.2.4 Әмбебап өрт сөндіру депосының бокс үй жайындағы көтергіш қақпасы:

- бөліктің байланыс пунктiнен басталатын автоматты ашу және жабу жетегі;

- электр қуатын өшіру кезінде қолмен ашу және жабу мүмкіндігі (оларды орнату орнында) болуы тиіс.

5.2.2.5 Өрт сөндіру және құтқару техникасының боксы екі бойлық жағында орналасқан кемінде екі шығумен жабдықталуы керек. Көтергіш қақпалардың панелінде мөлшері 0,7 x 2,0 м кем емес есіктер көзделуі тиіс.

5.2.2.6 Өрт сөндіру және құтқару техникасының бокс үй-жайы ауа райы жағдайлары таблосымен жабдықталуы тиіс.

5.2.2.7 Әр қақпаның алдыңғы қабырғасында өлшемі кемінде 1,0 м x 0,4 м артқы көру айналары орнатылуы тиіс.

5.2.2.8 Бокспен іргелес үй жайлардың есіктері өздігінен жабылатын құрылғылармен бокс жағына қарай ашылуы және кіреберістерде тығыздау қамтамасыз етілуі тиіс.

5.2.2.9 Байланыс пунктiнiң үй жайынан өрт және құтқару техникасының тұрағына арналған бокс үй жайына тікелей шығуға жол берілмейді.

5.2.2.10 Байланыс пунктінің үй-жайлары шығу барысында өрт сөндіру және құтқару техникасы боксының оң жағында орналасуы тиіс. Дәліз бен боксты бөлетін қабырғада, байланыс пункті үй-жайына қарама-қарсы, еденнен кемінде 0,6 м биіктікте, ашылатын жапқыштары бар өлшемі $1,2 \times 1,5$ м терезе ойығын көздеу қажет.

5.2.2.11 Өрт сөндіру және құтқару техникасы баксының еден еңісі шығу қақпасының алдында көзделген траптар мен науаларға қарай болуы тиіс.

5.3 3 Конструктивтік шешімдер

5.3.1 Сейсмикалық қауіпті аудандарды қоса алғанда, тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының объектілерін жобалау және салу кезінде тірек конструкцияларын есептеу Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

5.3.2 Сейсмикалық әсерлерге, өңдеуге, шөгуге және топырақтың басқа да орын ауыстыруларына ұшырайтын күрделі геологиялық жағдайлары бар аумақта инженерлік коммуникацияларды енгізу негіздің ықтимал орын ауыстыруларын өтеу қажеттілігін ескере отырып орындалуы тиіс.

5.3.3 Тірек конструкциялары жобалық пайдалану мерзімі ішінде ықтимал әсерлерге, қолайсыз факторларға төтеп беретіндей және қажетті сенімділік көрсеткіштерін сақтайтындай етіп жобалануы және салынуы керек.

5.3.4 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттарының конструкциясы мен негізін жобалау кезінде жүктемелердің немесе оларға сәйкес күштердің қолайсыз үйлесімін, конструкциялардың ауытқулары мен орын ауыстыруларының шекті мәндерін ескеру, ал жүктеме бойынша беріктік коэффициенттерін Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылдау қажет.

5.3.5 Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес ылғалдың, төмен және жоғары температураның, агрессивті ортаның және басқа да қолайсыз факторлардың ықтимал әсеріне төзімді материалдардан жасалған конструкциялар мен бөлшектерді пайдалану қажет.

5.3.6 Үй-жайлардың қоршау конструкцияларының ішкі беттерінде ылғал, сондай-ақ шаң жиналуы мүмкін шығыңқы жерлер мен орындар болмауы тиіс.

5.3.7 Үй-жайлар жағынан терезе байланыстарының шынылары су өткізбейтін жағуларға немесе серпімді су өткізбейтін төсемдерге орнатылуы тиіс.

5.4 Өрт қауіпсіздігі талаптары

5.4.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының өрт қауіпсіздігі және көлемдік-жоспарлау шешімі осы ережелер жинағының талаптарына сәйкес келуге тиіс. ҚР ҚН 2.02-01, ҚР ЕЖ 2.02-101, ҚР ҚН 3.03-05, ҚР ЕЖ 3.03-105 нормативтік талаптары тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының объектілеріне қолданылмайды.

5.4.2 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының жанында орналастырылатын ғимараттар мен құрылыстар функционалдық өрт қауіптілігі бойынша мынадай сыныптарға жатады:

- негізгі ғимараты – Ф4.4;
- жабық жаттығу залы – Ф3.6;
- қызметтік жатақхана – Ф1.2;

5.4.3 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары С1 конструктивті өрт қауіптілігі классымен IIIa отқа төзімділік дәрежесінен төмен емес жобалануы тиіс.

5.4.4 Отқа төзімділік дәрежесі IIIa тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының объектілерін жобалау кезінде ең жоғары қабаттылықты (негізгі ғимараты, қызметтік жатақхана және жабық жаттығу кешені) 2 қабаттан артық емес, бір қабаттың ауданы 800 шаршы метрден аспайтын қабылдау қажет.

5.4.5 Ғимараттар мен құрылыстар арасындағы қашықтық олардың отқа төзімділік дәрежесіне, конструктивтік және функционалдық өрт қауіптілігі классына, өрт жүктемесінің шамасына қарай, сондай-ақ «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қолданылатын өрттен қорғау құралдарының тиімділігін ескере отырып қолданылуы тиіс.

5.4.6 Адамдар мен мүлікті өрттің қауіпті факторларының әсерінен қорғау және (немесе) олардың салдарын шектеу мақсатында отқа төзімділік шегі мен өрт қауіптілігі класстарының талаптарына жауап беретін негізгі құрылыс конструкцияларын қолдануды қамтамасыз ету қажет.

5.4.7 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының объектілерін жобалау кезінде өрт туралы автоматты өрт дабылы, хабарлау және адамдарды эвакуациялауды басқару жүйелерін көздеу қажет.

5.4.8 Автоматты өрт дабылы дымқыл технологиялық процестері бар үй-жайларды (санитариялық тораптар, дәретханалар және т.б.) қоспағанда, байланыс құралдарының жұмысы мен қызмет көрсетуі үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының кешеніне кіретін барлық үй-жайларды жабдықтау қажет.

5.4.9 Өрт туралы хабарлау жүйелерін басқару сигналдары қалыптастырылатын өрт хабарлағыштарын осы жүйелерді жобалау ерекшеліктерін ескере отырып таңдау қажет.

5.4.10 Ескерту және эвакуацияны басқару жүйелерінің түрлері 2-ші типті қолдану қажет.

5.4.11 Өрт автоматикасы құралдарының жай-күйін бақылау аспаптарының жабдықтары байланыс пунктінің үй-жайында орналастырылуы тиіс.

5.4.12 Өрт сөндіру және құтқару техникасына арналған бокс үй-жайын әкімшілік-тұрмыстық мақсаттағы үй-жайлардан отқа төзімділік шегі кемінде REI 45 болатын өртке қарсы тосқауылмен бөлу қажет.

5.4.13 Эвакуация жолдарын бөлетін ішкі қабырғалар мен қоршаулардың отқа төзімділік шегі кемінде EI 15 болатын құрылыс конструкцияларынан көзделуі тиіс.

5.4.14 Дабыл бойынша кезекші ауысымның жеке құрамының қозғалыс жолдарындағы дәліздердің ені кемінде 1,6 м болуы тиіс.

5.4.15 Дәліздерде коммуникацияларға арналған шкафтар мен өрт крандарын қоспағанда, кіріктірілген шкафтардың құрылысын көздеуге жол берілмейді.

5.4.16 Ғимараттарының баспалдақтары мен баспалдақ торларының ең аз эвакуациялық ені баспалдақтар (баспалдақ торлары) бойынша эвакуацияланатын адамдардың ең көп саны үшін кедергісіз эвакуациялауды қамтамасыз етуі тиіс және кемінде 1,2 м болуы тиіс.

5.4.17 Екі және одан да көп эвакуациялық шығу болған жағдайда, олар шашыраңқы орналасуы тиіс.

5.4.18 Эвакуация жолдарындағы едендерді, қабырғаларды, төбелерді, баспалдақтар мен баспалдақ марштарын қаптау (бояу) жанбайтын немесе әлсіз жанатын материалдардан жасалуы тиіс.

5.4.19 Әмбебап өрт сөндіру деполары объектілерін эвакуациялау жолдарындағы есіктер ғимараттан шығу бағыты бойынша еркін ашылуы тиіс.

5.4.20 Эвакуация жолдарындағы есіктердің ашу бағыты бір мезгілде 15 адамнан аспайтын үй-жайлар үшін нормаланбайды.

5.4.21 Үй-жайлардағы және эвакуациялау жолдарындағы аспалы төбелердің қаңқалары жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

5.4.22 Қоректендіруші және топтық желісі түтін-газ шығаруы төмен, жануды таратпайтын, өрт қауіпі төмендетілген сымдар мен кабельдерден орындау қажет.

5.4.23 Үй-жайлардың қоршау конструкциялары арқылы кабельдерді төсеу кезінде қоршау конструкциясы мен кабельдер арасындағы саңылаулар құрылымның бүкіл қалыңдығына құрылыс ерітіндісімен немесе отқа төзімділіктің қажетті шегін және газ

түтініне төзімділікті қамтамасыз ететін басқа да жанбайтын материалдармен жабылуы тиіс.

5.5 Инженерлік жүйелерді жобалау

5.5.1 Электр жабдықтары

5.5.1.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараты автоматты және төмен тоқты құрылғылармен (ғимараттардағы және тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының аумағындағы дауыс зорайтқыш байланыс, «101» арнайы желілері, қалалық телефон байланысы, жергілікті компьютерлік желі және интернет) жабдықталуы тиіс.

5.5.1.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ішкі аумағы мен үй-жайларын қарау үшін бейнебақылау орнату қажет. Бейнебақылау жүйесінің жабдығын бекет кабинасына және байланыс пунктіне шығару қажет.

5.5.1.3 Бейнебақылау жүйесі сандық жазумен және кескінді басқарумен қамтамасыз етілуі керек.

5.5.1.4 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарын электрмен жабдықтау беріктіктің I санаты бойынша көзделуі тиіс.

5.5.1.5 Электрмен жабдықтау беріктіктілігінің I санатын қамтамасыз ету үшін екінші тәуелсіз қуат көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін:

- негізгі кіріске тәуелсіз электрмен жабдықтау жүйесінің жеке кірісі;
- негізгі қуатқа тәуелсіз генераторлық қондырғылар;
- аккумуляторлық батареялары бар дербес қуат көздері.

5.5.1.6 Эвакуациялық және авариялық жарықтандырудың қоректенуі жұмыс жарығының қоректенуіне тәуелсіз болуға және ғимаратқа екі кірісте әртүрлі кірістен, ал бір кірісте - дербес желілермен орындалуы тиіс.

5.5.1.7 Электр желілерінің схемалары тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру деполарының электр қабылдағыштарын электрмен жабдықтау беріктігіне және электр қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сүйене отырып, қарапайым және үнемді көзделуі керек.

5.5.1.8 Кабельдік конструкциялар ықтимал механикалық, химиялық және жылу әсерлерін ескере отырып, сондай-ақ орналасуы мен табиғи құбылыстарын ескере отырып, кабельдерден механикалық жүктемелерге төтеп беретіндей жобалануы тиіс.

5.5.1.9 Бу бөлмесінде кіріктірілген моншада (сауна) 110 °С температураға жеткенде және жұмыс уақыты 8 сағаттан асқанда автоматты сөндіру құрылғыларымен қамтамасыз етілген зауытта жасалған электр жылытқыштары көзделуі керек.

5.5.2 Жылыту, желдету және кондиционерлеу

5.5.2.1 Жылыту жүйесін ҚР ҚН 4.02-01, ҚР ЕЖ 4.02-101 және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып жобалау ұсынылады.

5.5.2.2 Өрт сөндіру және құтқару техникасының үй-жайындағы ауаның есептік температурасы + 10 °С төмен болмауы тиіс.

5.5.2.3 Жылыту жүйелерінің жылыту аспаптарын терезелердің астына қою керек.

5.5.2.4 Әмбебап өрт сөндіру деполарының ғимараттары мен құрылыстарын жылыту жүйелерінде жобалау кезінде жеңіл тазалауға мүмкіндік беретін тегіс беті бар жылыту аспаптарын қолдану қажет..

5.5.2.5 Өрт сөндіру және құтқару автомобильдерінің бокс үй-жайындағы ауа алмасуды үй-жайлардың жоғарғы және төменгі аймақтарынан тең қарастыру керек.

5.5.2.6 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының объектілерінде үй-жайларда жыл бойы және тәулік бойы жұмыс істеуге арналған кондиционерлеу жүйелерін көздеу қажет. Табиғи желдетусіз бөлмелер резервтік кондиционермен жобалануы керек.

5.5.2.7 Өрт жеңдерін кептіруге арналған үй-жайда жылыту аспаптары ыстық сумен жабдықтау жүйесінің айналым құбырына қосылуы тиіс.

5.5.2.8 Санитариялық тораптардың, душ, жылу пунктiнiң үй-жайларында табиғи ынталандырумен сору желдеткiшi көзделуi тиiс.

5.5.2.9 Өрт сөндiру және құтқару техникасының бокс үй-жайлары механикалық ынталандырумен ағынды-сорғылы желдеткiшiмен жабдықталуы тиiс.

5.5.2.10 Ағынды және сорғылы желдету жүйелерiнiң ауа өткiзгiштерi мырышталған болаттан жасалуы керек.

5.5.2.11 Ағынды желдету жүйелерi үшiн үй-жайларға берiлетiн ауаны (қыс мезгiлiнде) жылытуды көздеу қажет.

5.5.2.12 Қызмет көрсетiлетiн үй-жайлардан ағынды-сорғылы желдету жүйесi қашықтан және қолмен (оларды орнату орнында) басқарылуы тиiс.

5.5.2.13 Жылыту және жылумен жабдықтау жүйелерiн монтаждау, сынау және iске қосу-реттеу жұмыстарын ҚР ҚН 4.01-02 және ҚР ЕЖ 4.01-102 талаптарына және дайындаушы зауыттардың техникалық ұсынымдарына сәйкес жүргiзу қажет.

5.5.3 Сумен жабдықтау және кәрiз

5.5.3.1 Iшкi су құбыры, сондай-ақ сыртқы желiлер, тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндiру депосының объектiлерiнiң су бұруы ҚР ҚНЖЕ 4.01-02, ҚР ЕЖ 4.01-101 және ҚР ЕЖ 4.01-103 талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтiк құжаттарға сәйкес жобалануы тиiс.

5.5.3.2 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндiру депосын жобалау кезiнде су құбыры желiлерiнен немесе резервуарлар мен су айдындарынан жүзеге асырылатын өртке қарсы сумен жабдықтау ескерiледi.

5.5.3.3 Сыртқы өртке қарсы су құбыры шаруашылық-ауыз су немесе өндiрiстiк су құбырымен бiрiктiрiледi.

5.5.3.4 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндiру деполарын жобалау кезiнде су құбыры желiлерi айналма жолдармен орналастырылады.

5.5.3.5 Ғимараттар мен құрылыстардың iшкi су құбыры желiлерiмен сыртқы су құбыры желiлерiн айналып өтуге тыйым салынады.

5.5.3.6 Өрт сөндiру және құтқару автомобильдерiн жууға арналған бокс үй-жайындағы су бұру жүйесiнде құм-мұнай ұстағыш немесе өзге де тазарту жүйесi арқылы нөсер кәрiзiнiң сыртқы желiлерiне қосылуды қамтамасыз ету қажет.

5.5.3.7 Жуу және тамақ дайындау үй-жайларында ағынды суларды тазарту үшiн май ұстағыштарды орнату қажет.

5.5.3.8 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндiру депосының барлық объектiлерiнде суық және ыстық су есептегiштерiн орнату қажет.

5.5.4 Қоқыс шығару

5.5.4.1 Тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндiру депосының объектiлерiн жобалау кезiнде ашық сақтау кезiнде қалдықтардың шектi саны белгiленген тәртiппен қалдықтар массасының жинақталуына қарай айқындалады.

5.5.4.2 Ғимараттан қоқысты шығаруды күнделiктi жинақтау нормативтерiне сүйене отырып есептеу керек.

5.5.4.3 Жинау және жинақтау шарттары қалдықтардың қауiптiлiк класымен, ыдыстың агрегаттық жай-күйi мен сенiмдiлiгiн ескере отырып, буып-түю тәсiлiмен айқындалады.

5.5.4.4 Қоқыс жинайтын контейнерлердi орнату үшiн периметрi бойынша жиектаспен және жасыл екпелермен (бұталармен) шектелген және автокөлік үшiн ыңғайлы кiрме жолы бар бетон немесе асфальт жабыны бар арнайы алаң жабдықталуы тиiс.

5.5.4.5 Қоқыс жинайтын контейнерлердің түрі мен саны халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығының талаптарына сәйкес қоқыс пен тұрмыстық қалдықтарды жоюдың осы жер үшін қабылданған тәсіліне байланысты белгіленеді. Қоқыс жинайтын контейнерлер тығыз жабылатын қақпақтармен қамтамасыз ету қажет..

5.5.5 Жарықтандыру

5.5.5.1 Әмбебап өрт сөндіру деполарын жобалау кезінде адамдардың тұрақты болуына арналған үй-жайларда табиғи жарықтандыруды көздеу ұсынылады.

5.5.5.2 Әмбебап өрт сөндіру деполарының аумағы мен объектілерінің өткелдерін сыртқы жарықтандыру ҚР ҚН 2.04-01, ҚР ҚК 2.04-104 талаптарына сәйкес жобалануы тиіс.

5.5.5.3 Тез тұрғызылатын өрт сөндіру депосының объектілерінде жұмыс және авариялық жарықтандыру көзделуге тиіс.

5.5.5.4 Авариялық жарықтандыруды қолдану (қауіпсіздікті жарықтандыру және эвакуациялық жарықтандыру) ҚР ҚН 2.04-01, ҚР ҚК 2.04-104 талаптарына сәйкес әртүрлі үй-жайлар үшін айқындалады.

5.5.5.5 Байланыс пунктiнiң үй-жайлары, өрт және құтқару техникасына арналған бокс және кезекші ауысымның жатын бөлмесі, оның ішінде баспалдақ торлары авариялық жарықпен, ал дәліздер-тәуелсіз стационарлық қоректендіру көзінен (аккумуляторлық батарея, үздіксіз қоректендіру агрегаты және басқа да құрылғылар) эвакуациялық жарықпен жабдықталуы тиіс.

5.5.5.6 Өрт сөндіру және құтқару техникасы боксының және өрт жеңдерін сақтаудың үй жайларында табиғи желдету және жарықтандыру болуы тиіс.

5.5.5.7 Қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес ультракүлгін сәулеленуге қойылатын талаптарды ескере отырып, жасанды және бірлескен жарықтандыруды жобалау керек.

5.5.5.8 Әмбебап өрт сөндіру депосының аумағында сәулеттік жарықтандыру болған жағдайда, оны көлік жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің көзін шағылыстырмайтын етіп орнату ұсынылады.

5.5.5.9. Сәулеттік жарықтандыру қондырғыларында разрядты жарық көздерін пайдалану керек.

5.6 Қоршаған ортаны қорғау

5.6.1 Қоршаған ортаны қорғау мақсатында әмбебап өрт сөндіру деполарын жобалау, салу және пайдалану кезінде экологиялық жүйелердің жай-күйін тұрақтандыруға және жақсартуға, биологиялық алуандылықты сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және жаңғыртуға ықпал ететін іс-шаралар жүргізу ұсынылады.

5.6.2 Қоршаған ортаның жай-күйін нашарлататын процестердің алдын алу және жою үшін әмбебап өрт сөндіру депо объектілерін жобалау, салу және пайдалану процесінде:

а) ұйымдастырылмаған көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындыларын мониторингтеу;

б) жер ресурстарының ластануын болдырмау;

в) бұзылған құнарлы топырақ қабатын қалпына келтіру;

г) су ресурстарының ластануын бақылау және алдын алу;

д) аумақтың шаңдануын азайту, жеке құрам үшін қолайлы жағдайлар жасау.

5.6.3 Әмбебап өрт сөндіру депо объектілерін салу және пайдалану кезінде аумақтың топырағын ықтимал ластанудан, су басудан, батпақтанудан, қайталама тұзданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан және нәтижесінде жердің тозуы орын алатын басқа да жағымсыз (зиянды) әсерлерден қорғау мақсатында мынадай табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу ұсынылады:

а) құрылыс кезеңінде техника мен құрылыс материалдарын орналастыруға арналған арнайы алаңдарды орнату;

б) құрылыс қоқыстарын орналастыру үшін арнайы алаңдарды ұйымдастыру және оны уақтылы шығару;

в) кіреберістердің асфальтбетон жабыны, тротуарлардың жабыны;

г) ластанудың, оның ішінде биогендік ластанудың және жердің қоқыстануының салдарын жою;

д) құрылыс кезеңінде жүк көтергіштігі мен габариттері шектеулі шағын механикаландыруды пайдалануды көздейтін жаңа технологияларды пайдалана отырып, қазіргі заманғы ұйымды қолдану;

е) инженерлік желілерді салу процесінде бұзылған жерлерді қалпына келтіру.

5.6.4 Жергілікті климатқа бейімделген және ең аз суаруды қажет ететін өсімдіктерді іргелес аумаққа отырғызуды қамтамасыз ету қажет.

А-қосымшасы

А.1-кестесі – Республикалық маңызы бар қалалар, астана мен облыс орталықтары үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының ең төменгі сипаттамалары

№	Ғимараттар мен құрылыстардың атауы	Қабаттар/деңгейлер саны	Ғимараттың ең аз ауданы, кем дегенде м ²
1	Негізгі ғимараты	2	1045
2	Қызметтік жатақхана	2	470
3	Жабық жаттығу залы	1	175
4	2 жолаққа арналған оқу-жаттығу мұнарасы	4	-
5	Шағын футболға және/немесе хоккей кортына арналған алаң	-	500
6	Көшедегі спорт алаңы	-	-
Ескерту: 1) көшедегі спорт алаңы үшін қажетті алаң мен арнайы элементтердің саны жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады; 2) жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес тез тұрғызылатын өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының құрамы мен ауданын азайтуға немесе ұлғайтуға жол беріледі.			

А.2-кестесі – Аудандық және облыстық маңызы бар қалалар үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының ең төменгі сипаттамалары

№	Ғимараттар мен құрылыстардың атауы	Қабаттар/деңгейлер саны	Ғимараттың ең аз ауданы, кем дегенде м ²
1	Негізгі ғимараты	1	700
2	Қызметтік жатақхана	2	470
3	Жабық жаттығу залы	1	170
4	2 жолаққа арналған оқу-жаттығу мұнарасы	4	-
5	Шағын футболға және/немесе хоккей кортына арналған алаң	-	500
6	Көшедегі спорт алаңы	-	-
Ескерту: 1) көшедегі спорт алаңы үшін қажетті алаң мен арнайы элементтердің саны жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады; 2) жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес тез тұрғызылатын өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының құрамы мен ауданын азайтуға немесе ұлғайтуға жол беріледі.			

А.3-кестесі – Аудандық маңызы бар елді мекендер үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының ең төменгі сипаттамалары

№	Ғимараттар мен құрылыстардың атауы	Қабаттар/деңгейлер саны	Ғимараттың ең аз ауданы, кем дегенде м ²
1	Негізгі ғимараты	1	700
2	Жабық жаттығу залы	1	175
3	2 жолаққа арналған оқу-жаттығу мұнарасы	4	-
4	Шағын футболға және/немесе хоккей кортына арналған алаң	-	500
5	Көшедегі спорт алаңы	-	-
	Ескерту: 1) көшедегі спорт алаңы үшін қажетті алаң мен арнайы элементтердің саны жобалауға арналған тапсырмамен айқындалады; 2) жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес тез тұрғызылатын өрт сөндіру депосының ғимараттары мен құрылыстарының құрамы мен ауданын азайтуға немесе ұлғайтуға жол беріледі.		

Б-қосымшасы

Б.1-кестесі – Республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтары үшін тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының үй-жайларының құрамы мен ең аз аландары

№	Үй-жайлардың құрамы	Үй-жайлар саны	Минималды ауданы, м2
1. Негізгі ғимараты			
1	Бөлім бастығының кабинеті	1	10
2	Бөлім бастығы орынбасарының кабинеті	1	10
3	Демалыс бөлмесі бар қарауыл бастығының кабинеті	1	12,5
4	ТЖБ (ТЖБ) бастығының кабинеті	1	10
5	Инспекторларға арналған кабинет	1	18
6	Конференц-зал	1	78
7	Қызметке арналған қызметтік үй-жайлар	4	58
8	Демалыс бөлмесі бар байланыс диспетчерлік пункті	1	12,5
9	Тамақты жылытуға арналған бөлме	1	22
10	Жатын бөлме	1	67,5
11	Психологиялық жеңілдеу бөлмесі	1	27
12	Киім ауыстыратын бөлме	2	60
13	Киім-кешектерді жуу және кептіру үй-жайы	1	12
14	ГДЗС посты	1	14,5
15	Шаруашылық мүкәммал қоймасы	1	10
16	Өрт сөндіру жабдықтары қоймасы	1	12
17	Мүліктік қоймасы	1	12
18	Өрт сөндіру құралдарының қоймасы	1	12
19	Жең жуу бөлмесі	1	12
20	Жендерді кептіруге арналған мұнара	1	3
21	Жуынатын бөлме	3	-
22	Душ бөлмесі	1	-
2. Жабық жаттығу залы			
23	Жаттығу залы	1	92
24	Спорттық құрал-саймандарға арналған үй-жай	1	7
25	Киім ауыстыратын бөлме	2	42
26	Булану бөлмесі бар сауна	2	23
Ескерту:			
1. Инженерлік жабдыққа арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы (электр қалқаны, компрессорлық, жеке жылу пункттері, қазандық, су өлшегіш тораптар және басқа да үй-жайлар) тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылданады.			
2. Жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес қосымша үй-жайларды көздеуге және белгіленген аландарды ұлғайтуға жол беріледі.			
3. Душ және санитарлық тораптардың аландары тиісті нормативтік құжаттардың қолданыстағы нормаларына сәйкес көзделеді.			

Б.2-кестесі – Аудандық және облыстық маңызы бар қалалар үшін әмбебап өрт сөндіру депо үй-жайларының құрамы мен ең аз алаңдары

Үй-жайлардың құрамы	Үй-жайлар саны	Минималды ауданы, м2
1. Негізгі ғимараты		
Бөлім бастығының кабинеті	1	10
Бөлім бастығы орынбасарының кабинеті	1	10
Демалыс бөлмесі бар қарауыл бастығының кабинеті	1	12,5
Оқу сыныбы	1	33,5
Демалыс бөлмесі бар байланыс диспетчерлік пункті	1	12,5
Тамақты жылытуға арналған бөлме	1	22
Демалыс бөлмесі	1	21
Жатын бөлме	1	36
Қызметтік үй-жай	1	16
Киім ауыстыратын бөлме	1	32,8
ГТҚҚ посты	1	14,5
Өрт сөндіру құралдарының қоймасы	1	10,5
Киім-кешектерді жуу және кептіру үй-жайы	1	11,8
Жең жуу бөлмесі	1	11,8
Санузел	2	-
Душ бөлмесі	1	-
2. Жабық жаттығу залы		
Жаттығу залы	1	92
Спорттық құрал-саймандарға арналған үй-жай	1	7
Киім ауыстыратын бөлме	2	42
Бу бөлмесі	2	23
Ескерту:		
<p>1. Инженерлік жабдыққа арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы (электр қалқаны, компрессорлық, жеке жылу пункттері, қазандық, су өлшегіш тораптар және басқа да үй-жайлар) тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылданады.</p> <p>2. Жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес қосымша үй-жайларды көздеуге және белгіленген алаңдарды ұлғайтуға жол беріледі.</p> <p>3. Душ және санитарлық тораптардың саны мен ауданы тиісті нормативтік құжаттардың қолданыстағы нормаларына сәйкес көзделеді.</p>		

**Б.3-кестесі – Аудандық маңызы бар елді мекендер үшін
тез тұрғызылатын әмбебап өрт сөндіру депосының үй-жайларының құрамы және
ең аз алаңдары**

Үй-жайлардың құрамы	Үй-жайлар саны	Минималды ауданы, м2
1. Негізгі ғимараты		
Бөлім бастығының кабинеті	1	10
Бөлім бастығы орынбасарының кабинеті	1	10
Демалыс бөлмесі бар қарауыл бастығының кабинеті	1	12,5
Оқу сыныбы	1	33,5
Демалыс бөлмесі бар байланыс диспетчерлік пункті	1	12,5
Тамақты жылытуға арналған бөлме	1	22
Демалыс бөлмесі	1	21
Жатын бөлме	1	36
Қызметтік үй-жай	1	16
Киім ауыстыратын бөлме	1	32,8
ГТҚҚ посты	1	14,5
Өрт сөндіру құралдарының қоймасы	1	10,5
Киім-кешектерді жуу және кептіру үй-жайы	1	11,8
Жең жуу бөлмесі	1	11,8
Санузел	2	-
Душ бөлмесі	1	-
2. Жабық жаттығу залы		
Жаттығу залы	1	92
Спорттық құрал-саймандарға арналған үй-жай	1	7
Киім ауыстыратын бөлме	2	42
Бу бөлмесі	2	23
Ескерту:		
1. Инженерлік жабдыққа арналған үй-жайлардың құрамы мен ауданы (электр қалқаны, компрессорлық, жеке жылу пункттері, қазандық, су өлшегіш тораптар және басқа да үй-жайлар) тиісті нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес қабылданады.		
2. Жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес қосымша үй-жайларды көздеуге және белгіленген алаңдарды ұлғайтуға жол беріледі.		
3. Душ және санитарлық тораптар тиісті нормативтік құжаттардың қолданыстағы нормаларына сәйкес көзделеді.		

В-қосымшасы

Оқу-жаттығу кешені алаңдарының құрамы мен сипаттамалары

В.1 Жабық жаттығу залы келесі талаптарға сай болуы керек:

- жабық тренажер залы топтық сабақтарға арналған аймақтарға, жалпы тренажер залына, мүкәммалға, кемінде екі киім-кешек және бу бөлмелеріне бөлінуі керек;
- әртүрлі дене жаттығуларын жүргізуге арналған стационарлық жаттығу жабдықтары мен мүкәммалдың саны мен құрамы жобалау тапсырмасымен айқындалады;
- фитнес орталығының еден беті жанбайтын материалдардан жасалған сырғанамайтын жабынмен жабдықталуы қажет;
- пайдаланушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін жаттығу залы желдетумен қамтамасыз етілуі тиіс;
- дене жаттығуларымен айналысуға арналған залдар сабақтарды өткізу кезінде қауіпсіздікке кепілдік беретін жарықтың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз етілуі тиіс;
- стационарлық жаттығу жабдықтары өндірушілердің нұсқауларына сәйкес орналастырылуы керек. Стационарлық жабдықты орналастыру кезінде жабдық пен мүкәммал арасындағы еркін өтуді қамтамасыз ету қажет;

В.2 Шағын футбол немесе хоккей корты алаңы келесі талаптарға сай болуы керек:

- шағын футбол немесе хоккей кортына арналған ойын алаңының өлшемдері ені кемінде 18 м және ұзындығы кемінде 28 м болуы тиіс;
- шағын футбол немесе хоккей кортына арналған алаңды пластикалық қоршаумен («бортпен») бөлу керек;
- борттардың биіктігі жер бетінің деңгейінен кемінде 1,17 м және 1,22 м аспауы тиіс;
- борт панельдері арасындағы саңылауларды 3 мм артық емес қабылдау керек;
- ойын алаңына кіру үшін қоршау тақталары екі қарама-қарсы жақта орналасқан екі есікпен жабдықталуы керек. Есіктердің ашылуы алаңның сыртқы жағына көзделуі тиіс;
- есіктер арасындағы алшақтық 5 мм-ден аспауы керек;
- ойын алаңын алаңның ортасындағы қақпа желілерінде қозғалмайтын күйде орнатылған торлы материалы бар екі қақпамен жабдықтау керек;
- шағын футболға немесе хоккей кортына арналған алаң белгіленген үлгідегі өлшемдегі қақпалармен жабдықталуы тиіс. Бүйірлік тіректерді қосатын бүйірлік тіректер мен қақпа тірегі белгілі бір дизайн болуы керек және соққыға төзімді материалдан жасалған.

В.3 Оқу мұнарасы бар алаң келесі талаптарға сай болуы керек:

- оқу мұнарасы жеке тұруы немесе өрт сөндіру бекетінің ғимаратына салынуы мүмкін, сонымен қатар жеке кіреберісті қамтамасыз ету ұсынылады;
- алаңның ұзындығы кемінде 40 м, ені (екі қатар терезесі бар мұнара үшін) кемінде 4 м болуы керек;
- мұнараның әр қабатында тереңдігі (жұмыс жағынан) кемінде 1,5 м болатын алаңдар болуы керек;
- әрбір алаңның стационарлық баспалдаққа шығуы тиіс;
- қоршауы бар стационарлық баспалдақ мұнараның ішіне оның жұмыс істемейтін жақтарының біріне орнатылады;
- терезеден қабырға кесілгенге дейінгі қашықтық кемінде 0,65 м;
- терезе төсенішінің ені 0,37 м - 0,39 м;
- еден деңгейінен терезе төсенішінің жоғарғы бетіне дейінгі қашықтық 0,8 м (байланыс алаңын қолдануды ескере отырып, кемінде 0,73 м);

- жүгіру жолының бетінен 2-ші қабаттың табалдырығының биіктігі кемінде 4,25 м, 2-ші және 3-ші, 3-ші және 4-ші қабаттардың табалдырықтары арасындағы қашықтық - 3,3 м;

- 2-ші, 3-ші және 4-ші қабаттардың терезе төсеніштері мұнараның қасбеттік жазықтығына 0,03 м шығуы керек; оның бүкіл енінің алдыңғы бөлігіне 2-ші, 3-ші және 4-ші қабаттардың терезе төсеніштері деңгейінде ағаш (рейка) қағылады, ал ағаштың (рейканың) қалыңдығы терезе өлшеміне кіруі тиіс;

- алаңда біркелкі жабын болуы керек, бетон және тас жабындарының үйлесуіне жол берілмейді;

- мұнараның алдыңғы жағында, оның бүкіл ені бойынша, жүгіру жолының деңгейінде сызық сызылады, оның деңгейі бойынша қауіпсіздік жастығы дайындалады;

- мұнараның жұмыс жағының алдында топырақта тереңдігі кемінде 1 м, ені (мұнараның қасбеттік жағынан) кемінде 4 м, мұнараның габариттерінен кемінде 1 м шығып тұратын сақтандырғыш жастық орналастырылады;

